

№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мекемесі КММ

2023 -2024 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша  
жүргізілген жұмыстардың жылдық есебі

Педагог-психологтар: А. Толыбаева

А.Абишова

2023-2024 оқу жылы

**№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мекемесінің педагог  
психологтарының 2023 -2024 оқу жылында атқарылған  
жұмыстарының жылдық есебі**

**Мақсаты:** Оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін , тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы аутқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту.

**Қыркүйек айында** 1- сынып оқушыларының «Керн Йирасек» әдісі арқылы мектепке даярлығы анықталды.

1 «А» сыныбында барлығы 20 оқушы , зерттеуге 17 оқушы қатысты.

Жоғары деңгей 5 оқушы - 29% орта деңгей 8 оқушы-47% төмен деңгей 4 оқушы- 23%

1 «Ә» сыныбында барлығы 24 оқушы , зерттеуге 21 оқушы қатысты.

Жоғары деңгей 6 оқушы - 28,5% орта деңгей 11 оқушы-52,3% төмен деңгей 4 оқушы- 19%

1 «Б» сыныбында барлығы 22 оқушы , зерттеуге 20 оқушы қатысты.

Жоғары деңгей 10 оқушы - 50% орта деңгей 6 оқушы-30% төмен деңгей 4 оқушы- 20%

1 сынып оқушыларының бейімделуіне жүргізілген жұмыстардың қорытындысына қарай 21.09.2023 жылы «Кед танысайық», «Алақай мен оқушымын » психологиялық тренинг сабағы өтілді. Топта психологиялық жайлылық атмосферасын құру мақсатында оқушылар шеңбер бойымен тұрып, доптың көмегімен өздерін таңыстырды.



**18.09.2023 жылы 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне арналған  
« Менің сыныбым » әдістемесінің қорытындысы**

| № | Сыныбы                      | 5 А | 5Ә | 5Б |
|---|-----------------------------|-----|----|----|
|   | Талдау нәтижесі             |     |    |    |
| 1 | Мұғалімнен алыста позициясы | 1   | 0  | 1  |
| 2 | Өзге баламен өзін теңестіру | 11  | 12 | 12 |
| 3 | Мұғаліммен бірге            | 2   | 3  | 4  |
| 4 | Ойын позициясы              | 4   | 5  | 2  |


**«Н.Г. Лусканова» әдістемесі**

**Максаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау**

| № | Сыныбы                                                                | 5 А | 5Ә | 5Б |
|---|-----------------------------------------------------------------------|-----|----|----|
|   | Талдау нәтижесі                                                       |     |    |    |
| 1 | 30-25 балл бейімділік жоғары                                          | 0   | 2  | 1  |
| 2 | 20-24 балл ортаңғы норма                                              | 12  | 13 | 9  |
| 3 | 15-19 балл ішкі мотивация                                             | 5   | 4  | 8  |
| 4 | 10-14 балл және одан төмен<br>Мектепке теріс қатынас,<br>дезадаптация | 1   | 1  | 2  |

5- сынып оқушыларының Орта буынға бейімделуге арналған Кондаштың «оқушылардың мазасыздану деңгейін анықтау» әдістемесі жүргізілді.

| Деңгейі      | Қалыпты   |     | Орта      |     | Жоғары    |     |
|--------------|-----------|-----|-----------|-----|-----------|-----|
|              | Бала саны | %   | Бала саны | %   | Бала саны | %   |
| Қатысқаны 20 |           |     |           |     |           |     |
| Мектепшілік  | 6         | 30% | 12        | 60% | 2         | 10% |
| Өзінің       | 7         | 35% | 9         | 45% | 4         | 20% |
| Тұлғаралық   | 2         | 10% | 16        | 80% | 2         | 10% |



5 «а» сынып оқушыларымен тренинг өтті.

**Тақырыбы:** Менің мектептегі сезімім

**Мақсаты:** Оқушыларды бірін-бірі түсінуге қалыптастыру. Оқушыларға агрессия күй туралы түсінік беру. Ашу мен агрессияны жеңілдетудің жолдарын табу.




Қазан айы «Бестерек» жобасы бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында кабинеттік талдау жұмыстары жүргізілді. Онда сынып жетекшілерінен сынып оқушылары туралы мәлімет және әлеуметтік педагогтан мектептегі көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы, тұрмысы төмен, үйде оқитын оқушылардың тізімі алынды. Мектеп медбикелерінен «Д» тізімде тұратын және мектеп инспекторынан тіркеудегі оқушылардың тізімдері алынып, «ReFrame» тұлғалық дамыту базасына мәліметтер ендірілді.

0-11 сынып оқушылардың анықталған тізімінен мектепшілік тәрбиесі қиын, ерекше тізім, дарынды, жаңадан келген оқушылар анықталып, жоспар бекітілді.

Жас мұғалімдерге «Жас мұғалімдердің бейімділігін арттыру» психологиялық тренингі жүргізілді. Онда мұғалімдердің көзқарасы мен зеректігін дамытып, өзіне деген сенімділігін арттыру үшін «Интеллектуалдық шапшаңдық», «Сенесіз бе, сенбейсіз бе», «Кім жылдам» жаттығулары жүргізілді.





**Үрейшілік Фрустрация Агрессия Икемсіздік**

« Мектепке арналған PISA -2023» оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындауда «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында психологиялық сабақтар, «Бойдағы қорқынышты төмендету», «Біз біргеміз берік іргеміз» тақырыптарында психологиялық тренингтер жүргізілді.



8-11 сынып қыздарымен жиналыс өткізіліп қыздар ұйымының жетекшісі сайланып, жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес жыл көлемінде жиналыстар өткізілді.



Жылдық жоспарға сәйкес үйде оқытылатын оқушылармен жұмыстар жүргізілді.



« Мектепке арналған PISA -2023» оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындауда атқарылатын іс-шара жоспары бекітіліп, сол бойынша жұмыстар атқарылды.

9-10 сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында Айзенкстің «Тұлғаның бойындағы эмоциялық сферасын анықтау» әдістемесі жүргізілді.

**Жұмыстың мақсаты:** Оқушылар арасында тұлғалық және әлеуметтік дағдыларды зерттеу, оқушылардың эмоциялық жай-күйін, ашушандығын, жеке басына, қоршаған ортаға көзқарасын, психикалық саулығын зерттеу. Қатысқаны: 25 оқушы

| Деңгей шкаласы | Үрейшілік | Фрустрация | Агрессия | Икемсіздік |
|----------------|-----------|------------|----------|------------|
| Қалыпты        | 17-68%    | 20-80%     | 17-68%   | 19-76%     |
| Орта           | 8-32%     | 5-20%      | 8-32%    | 6-24%      |
| Жоғары         | 0-0%      | 0-0 %      | 0-0 %    | 0-0 %      |

БЖМ-ге дайындық 20.10.2023жылы 4 «А» сынып оқушыларына «Жүйкелік-психикалық қобалжу мен қатаюдан арылу тәсілдері» тақырыбында жүргізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың БЖМ-ге дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру




**Қараша айы** «Мектепке арналған PISA -2023» оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындауда «Мектептер, мұғалімдер, ата-аналар буллингті азайтуға қалай көмек бере алады?» тақырыбында педжесте баяндама оқылды.



Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу, ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторларымен бірге кездесу ұйымдастырылды.



«Бестерек» жобасы аясында 7-11 сынып оқушыларынан «Отбасылық қобалжуды анықтау» тесті, өз мақсатын айқындау үшін аяқталмаған сөйлем әдістемесі жүргізілді. 5-11 сынып оқушылары арасында жоспарға сәйкес эссе жаздырылды.



Мектепке арналған PISA -2023» оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындауда 9-11 сынып оқушыларына «Сенім менің серігім» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.



Танымдық процестерді түзету-дамыту мақсатында 5 сынып оқушыларына «Мен өзімді түзей аламын» жаттығуы жүргізілді




Мұғалімдер мен ата-аналардың сұранысы бойынша балалармен жеке кеңестер жүргізілді. 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындауда және мамандық таңдауға байланысты «Кәсіптік бағдар. Кім болғым келеді?» тақырыбында сабақтар жүргізілді.



«Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» 8-10 сынып оқушылары арасында психологиялық сабақ өтілді. Бала құқығымыны, Зорлық зомбылықтың алдын алу тақырыбында ата-аналарға мектеп әкімшілігімен берлесе жиналыс өткізілді.



Желтоқсан айы 9«а» сынып оқушыларын ББЖМ-ға дайындауда жүргізілген Э.Ховардтың стресске төзімділігін анықтау тестінің қорытындысы



«Бестерек» жобасы аясында тәуекел тобы оқушыларына «Әрбір адам өз жеке өмірінің авторы» зерттеу жұмыстары жүргізілді.

«Ашу –ыза билегенде не істеуге болады» тақырыбында 10 сынып оқушыларына психологиялық тренинг жүргізілді.



Қыз баланың саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған 8-10 сыныптың қыздарымен кездесу өткізілді.

«Қадірле, бағала, құрметте, мейірімді бол» тақырыбында 6-7, 8-10 сынып оқушылары арасында психологиялық тренинг жүргізілді.

**Қаңтар айы** Әскери есепке тұруға баратын 2007 жылғы ер балалармен жұмыс жүргізілді.

«Психологиялық кеңестер» айлары, жасөспірімдерге арналған «Егер сізді ренжітсе не істеу керек?» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларына жадынамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларды, ұстаздар психологиялық сұемелдеу мақсатында сұраныстар бойынша психологиялық кеңестер беріледі.

«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы түрде бас тарту» 3-4 сынып оқушыларына психологиялық тренинг жүргізілді.



«Өзінді және балалығы болашақ емтиханға қалай дайындауға болады?» тақырыбында ата-аналар жиналысында баяндама оқып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп және мектептен тыс ортада психологиялық және физиологиялық зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 8-11 сынып қыздарына жиналыс жасап, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің сұрауы бойынша оқушылармен әңгіме жүргізіліп, оқушылар бақылауға алынып, түзету жұмыстары жүргізілді. Кеңестер берілді.

**Ақпан айы** «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, психологиялық кеңестер берілді. Ақпан айы психологтардың «Жан дүние әлеміне саяхат» тақырыбында өткізілген психология апталығымен басталып, түрлі іс-шаралар өткізілді.

«Психология – ғажайып әлем» тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында қабырға газеттерін шығарды. 7-8, 9-10 сынып қыздары арасында «Бұрымды қыз» сайысы өткізіліп, әділ қазылар алқасының анықтауы мен бұрымды қыз анықталды. Өрі қарай педагогтар арасында педагогтардың интеллектуалдық қабілетін дамыту мақсатында «Ой мен ойын» тақырыбында сайыс өтілді.

Сайысқа 12 педагог қатыстырылды.



Тәуекел тобы оқушыларымен «Жаман көңіл-күйді, тітіркенуді, ренішті қалай жеңуге болады?» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 1 Сынып оқушыларымен «Біздің сынып – бұл біз», ал 5 сыныпқа «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында психологиялық тренингтер жүргізілді.

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің сұрауы бойынша оқушылармен әңгіме жүргізіліп, оқушылар бақылауға алынып, түзету жұмыстары жүргізілді. Кеңестер берілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында «Телефонға тәуелділік» тақырыбында видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында психологиялық сабақ өтіліп, өзін-өзі жоғары бағалауға, өзін көтеруге, өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған кеңестер берілді.




**Наурыз айында:** ҰБТ-ға 11 сынып оқушыларын психологиялық тұрғыда дайындауда «Стрестен қалай арылуга болады?» психологиялық сабақ өтіліп, оқушылардың стреске бейімділігі анықталып, стрестің алдын алу бойынша психологиялық кеңестер беріліп, тренингтер жүргізілді. Наурыз айында 9-11 сынып оқушыларымен «Сенім менің серігім» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді. «Емтихандағы мінез-құлық» тақырыбында психологиялық сабақ өтілді. Төмен көрсеткіш берген оқушылардың төмен балл жинау себебі анықталып, психологиялық кеңестер берілді. Жоғары және орта буын оқушылары арасында аутоагрессияның алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында «Сезімімнің ішкі әлемі» тақырыбында тренингтер жүргізілді. «Көтеріңкі көңіл күй жанға қуат береді» тақырыбында мұғалімдерде жақсы көңіл күй қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг жүргізілді.



**Сәуір айы** ББЖМ –ға дайындауда 3.04.2024 жылы 4,9 сынып оқушыларының ата-аналарына сауалнама жүргізілді. «Өзіңізді және балаңызды емтиханға қалай жақсы дайындауға болады?» тақырыбында ББЖМ-ға қатысатын оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. ББЖМ-ға 4,9 сынып оқушыларын психологиялық тұрғында дайындау мақсатында «Өзіңнің қорқынышыңды басқар» тақырыбында психологиялық тренинг өткізіліп, кеңестер берілді.



Мамыр айында 5- сынып оқушыларына «Реніштен арылу» психологиялық тренингі жүргізілді. МАД тобының мектепке даярлығын анықтау мақсатында Керн Йирасек тесті алынып, қорытындысы сынып жетекшілеріне таныстырылды.



II сынып оқушыларын ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында психологиялық сабақ өтіліп, өзін-өзі жоғары бағалауға, өзін көтеруге, өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған кеңестер берілді. Зорлық-зомбыстың алдын алу мақсатында «Бақытты бала синаты ата-ана» жобасы аясында Будлинг тақырыбында ата-аналарға, сынып жетекшілеріне кеңестер беріліп, жадынамалар, түсіндірме жұмыстары жеке чаттар арқылы жүргізілді. Оқушылармен топтық, жеке жұмыстар (кеңестер, жадынамалар, әңгімелер) жүргізілді. Ата-аналар мен сынып жетекшілерінің сұрауы бойынша оқушылармен әңгіме жүргізіліп, оқушылар бақылауға алынып, түзету жұмыстары жүргізілді. Кеңестер берілді.